



БҰЙРЫҚ

2020 жылдың 10 тамызы
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ *244-НҚ*
город Нур-Султан

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Жемқорлыққа қарсы стандартын және Жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңының 10-бабы 2-тармағына және Министрліктің қарамағындағы ұйымдардағы әдеп және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдермен кездесу туралы жауапты хатшының 2020 жылғы 23 шілдедегі хаттамасының 5-тармағына сәйкес, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің пайда болуына ықпал ететін факторлардың көрінісін болдырмау жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі - «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК) Жемқорлыққа қарсы стандарты 1-қосымшаға сәйкес және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Әдеп жөніндегі уәкіл осы бұйрықпен Ұлттық тестілеу орталығының қызметшілерін таныстыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Д. Смагулов

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТ
білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз ету саласындағы қызметті жүзеге
асыру кезіндегі

Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу және қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген нысандарына төзбеушілікті қалыптастыру мақсатында әзірленді және бекітілді.

1. Қоғамдық қатынастар саласының атауы: Қазақстан Республикасында білім беру сапасын арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыру.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеушінің атауы:
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Орталық).

3. Қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласында жұмыс істейтін тұлғалардың мінез-құлық (іс-әрекет) қағидалары.

Орталық қызметкерлері өз қызметін жүзеге асыру кезінде міндетті:

3.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға;

2) Орталық жұмыскерлері сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға не сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермеуге тиіс;

3) Орталық қызметкерлері өздерінің іс-әрекеттерімен және шешімдерімен жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әкімшілік және өзге де кедергілерге жол бермеуі тиіс;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуға белсенді қатысуға және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамасының сақталуы үшін дербес жауапты болуға;

5) жұмыс орнында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға төзбеушілік атмосферасын құруға;

6) Орталық бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауға;

7) туындаған мүдделер қақтығысын өз өкілеттігі шеңберінде заң нормаларын бұзбай шешуге және болдырмауға;

8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар анықталған жағдайда бұл туралы дереу хабарлауға;

9) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде ұйымдарға, жұмыскерлерге, тестіленетін адамдарға, тест тапсырмаларын әзірлеу, сараптау саласында өз қызметін жүзеге асыратын тұлғаларға және өзге де адамдарға ықпал ету үшін жұмыс жағдайын пайдаланбауға;

10) әріптестерінен жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды қолдау және талап етуге;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін және табыс табумен байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге жәрдемдесуге бағытталған іс-әрекеттерді жасаудан бас тартуға;

12) жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге;

13) басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға үгіттемеуге;

14) тестілеуді өткізу кезінде тестіленушілердің нәтижелерін өзгерту үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

15) мүдделер қақтығысы туындаған кезде, яғни Орталық жұмыскерінің жеке мүдделілігі мен оның өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындауы немесе жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделері арасында осы заңды мүдделерге зиян келтіруге әкеп соғатын қайшылық туындайтын жағдай туындаған кезде жұмыскер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген оның алдын алу және реттеу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті;

16) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес өз жұмыс бабын немесе оларға теңестірілген функцияларды орындағаны үшін заңды және жеке тұлғалардан ақшалай қаражатты, қызметтерді, сыйлықтарды, тауарларды қоса алғанда, сыйақы қабылдамауға;

17) Орталықтың ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ қолданыстағы заңнамамен тыйым салынбаған ақпаратты жеке және заңды тұлғаларға ұсынудан бас тартпауға;

18) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;

19) басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне заңсыз араласуды жүзеге асырмауға;

20) негізсіз бюрократизм көріністеріне, сондай-ақ дәрекілік пен теріс түсінікке жол бермеуге;

21) Орталықтың құзыретіне кіретін мәселелермен жүгінген адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

3.2. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

1) өзінің лауазымдық өкілеттіктеріне сәйкес функцияларды жүзеге асыруға;

2) жеке және заңды тұлғаларға артықшылық көрсетпеуге, лауазымдық міндеттерін орындау кезінде олардың ықпалынан тәуелсіз болуға;

3) сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;

4) орындау үшін алынған тапсырманың заңдылығына күмән келтірілгені туралы тікелей басшыға жазбаша нысанда дереу хабарлауға;

5) жасалған немесе жасалынатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы басшылыққа дереу баяндауға;

6) бағынысты лауазымды тұлғалардың қызметтік өкілеттіктерінің көлемі мен міндеттерін нақты және анық түрде анықтауға;

7) мүдделер қақтығысына жол бермеуге, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды жою жөнінде шаралар қабылдауға;

8) егер тікелей басшының мүдделер қақтығысына қатысы болса немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және оны ашу бойынша қандай да бір шаралар қабылданса, жоғары тұрған басшылыққа жүгінуге;

9) өзіне бағынысты тұлғалар арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеуге;

10) жұмыскерлер қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік танытуға;

11) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша толық шаралар қабылдауға;

12) жұмыстан тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қол астындағылардың қызметіне ықпал ету үшін жұмыс жағдайын пайдаланбауға;

13) тексерулер жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, тексерілетін субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға;

14) тексеру жүргізу нәтижесінде алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

3.3 Ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын дайындау кезінде:

1) ішкі нормативтік құжаттардың (бұдан әрі – ІНҚ) жобаларын әзірлеу сатысында азаматтардың заңмен белгіленген құқықтары мен бостандықтарын бұлжытпай ескеруге;

2) әзірленетін ІНҚ жобалары жоғары деңгейдегі нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмеуі тиіс;

3) ІНҚ жобалары Орталықтың құзыретінен шықпауы тиіс;

4) ІНҚ-де сыбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормаларды, сондай-ақ құқық бұзушылық жасағаны үшін балама санкцияларды қолданбауға;

5) ІНҚ-ні әзірлеу кезінде инфокоммуникация саласындағы қызметті жүзеге асыратын жекелеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мүддесіндегі нормаларды қабылдауға жол бермеуге міндетті.

3.4 Тіршілік ету саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге де өзара қатынастар кезінде:

1) қол астындағылар арасында еңбек жүктемесін заңсыз бөлуге жол бермеуге;

2) жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін өз өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді пайдаланбауға;

3) дерексіздік, адамның қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік, дұрыс емес мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге;

4) сұрау салуларды қабылдаудан негізсіз бас тартуға, оларды қарау кезінде волокитаға және дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактілеріне жол бермеуге;

5) Кадрларды туыстық, жерлестік және жеке адалдық белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеуге, меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етуге;

6) анық орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңдарға қайшы келетін өкімдер бермеуге;

7) өзіне бағынысты жұмыскерлерді, сондай-ақ өзге де лауазымды тұлғаларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрlemeуге;

8) жоғары не төмен тұрған, не қызметі немесе жұмысы бойынша өзге де тәуелді лауазымды адаммен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатыспауға;

9) қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін бағынысты жұмыскерлерді тартуға жол бермеуге;

10) азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтауды және қорғауды қамтамасыз етуге;

11) өзінің лауазымдық өкілеттіктеріне сәйкес функцияларды жүзеге асыруға;

12) қызметтік/корпоративтік этиканы сақтауға;

13) өздеріне мәлім болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы Орталық басшылығының назарына дереу жеткізу;

14) Қазақстан Республикасының Заңында тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтарды жасауға жол бермеуге міндетті.

4. Өзге де шектеулер мен тыйымдар:

1) Орталық басшыларының бұйрықтары мен өкімдерін, олардың лауазымдық өкілеттіктерінің шегінен шықпайтын лауазымды адамдарының шешімдері мен нұсқауларын орындайды.

2) Лауазымдық өкілеттіктерін орындау кезінде алынатын мемлекеттік құпияларға қатысты, сондай-ақ Орталық жұмыскерлерінің жеке өміріне, ар-намысы мен қадір-қасиетіне қатысты мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

3) Орталық басшысы немесе оның орынбасарлары бағынысты жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісті деңгейде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.